

Студенттердің өзін-өзі басқаруы бұл – өз көңілін білдіру еркіндігіне және өзін-өзі жетілдіру үшін адамның жұмыс жасауға саналы еркіне негізделген спецификалық тәрбие механизмі болып саналады. Жас адам ұйымдасқан студенттер ұжымында жұмыс істей отырып, шешім қабылдап, дербес болуға, субординация сақтауға үйренеді. Қызметтегі осындай практика ұйымдастыру және басқару жұмысының бастапқы дағдыларын меңгеру үшін жағдай жасайды.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы.
- 2 Боер В.М., Горшков А.С., Платова Е.Э., Фортунатов В.В. Студент болу оңай ма? – СПб, 2002.
- 3 Фокин Ю.Г. Жоғары мектепте сабақ беру және тәрбие беру: Әдіснама, мақсат және мазмұн, шығармашылық. – М.: «Академия», 2002.

ТӘРБИЕЖҮЙЕСІНДЕГІ СТУДЕНТТІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУЫ

Жумабаева С.Б., Молдағалиева Г., Дүйсенбаев Қ.,

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Өзін-өзі тәрбиелеу жақсы қасиеттерді тудыруға және оны жетілдіруге жағымсыз қасиеттерді жеңуге себепші болатын жүйелі де саналы іс-әрекет болып табылады. Ресейдегі бірінші Педагогикалық қоғамның негізін қалаушылардың бірі П.Г. Редкин былай деп жазған: «Өзімізден тәрбие алушыны ол бара-бара сіздің тәрбиеңізді қажет етпейтіндей, яғни ол бірте-бірте өзіне-өзі тәрбиеші болатын қабілетке ие бола алатындай етіп тәрбиелеуге тырысыңыздар». Өзін-өзі тәрбиелеудің жеке адамда қалыптастыратын факторлар жүйесіндегі ролі өте үлкен. Ол тіптен маңызды қызметтер атқарады және жеке адамды қалыптастырудың әртүрлі өрісін қамтиды. Карл Маркс айтқандай: «... Менің өз болмысым, қоғамдық қызметтен тұрады, сондықтан да мен өз тарапымнан істейтін нәрсенің өзін-өзінді қоғамдық тіршілік иесі ретінде сезіне отырып, өз тарапымнан қоғам үшін істеймін» /1/.

Жоғары оқу орындарының қазіргі білім бері жүйесінде оқыту мен бірге тәрбие жұмысы жүйесін жетілдіру, сонымен қатар аса маңызды бағыттардың бірі – студенттің өзін-өзі басқаруды дамыту маңызды мәселе болып отыр /2/.

Студенттің өзін-өзі басқару студент жастардың тіршілігінің маңызды мәселелерін шешуге, студенттердің бастамашылығы мен азаматтық белсенділігін дамытуға бағытталған, дербес, жауапты қоғамдық қызметінің ерекшени саны ретінде қарастырылады.

Елдердің Болон процесін екі руі кезінде оқу мекемесі нақ кредиттеу мен аттестаттаудың міндетті шарты – тәрбие жұмысының тұрақты жүйесін қалыптастыру және жетілдіру, оның ішінде студенттің өзін-өзі басқару органдарының болуы.

Студенттің өзін-өзі басқару органдарына кіретіндер:

Жоғарғы оқу орны деңгейінде – жастар ісі комитеті; факультеттерде – студенттік деканат.

Студенттің өзін-өзі басқаруды қалыптастыру болашақ бөлімше, кәсіпорын, мекеме басшысын дайындаудың әдісі болып табылады. Студенттің өзін-өзі басқару – оқу, тұрмыс, бос уақытты ұйымдастыру бойынша өмірлік маңызды сұрақтарды шешуге жауапты ынталы, дербес және жауапты әрекет. Студенттің өзін-өзі басқару университеттергі оқу-тәрбиелік басқару жүйесінің элементі бола келіп, қоғамдық ой-пікірді зерттеу негізіндегі студенттердің қажеттіліктері, қызығушылықтарын максимал есепке алуды жобалайды.

Өзін-өзі тәрбиелеу ойдағыдай болу үшін, студенттерді өздерін қолға алуға үйрету керек. Өзін-өзі тәрбиелеуге кірісе отырып, студент ең алдымен өзін-өзі қолға алудың жалпы мақсатын ұғынуы тиіс. Мәселен, ол ерікті тәрбиелеуді, көркемдік талғамды дамытуды,

денсаулықты нығайтуды т.с.с. мақсат етіп қоя алады. Бірақ, бұл жеткіліксіз. Бұған қоса өзінді-өзі тәрбиелеу программасын белгілеу керек.

Онда қандай қасиеттерді дамытуды және бекемдей түсуді, қандайларын жойып, жеңіп шығуды көрсетудің маңызызор /3/.

Осыған байланысты студенттің өзін-өзі басқару жан-жақты, шығармашылық тұрғыдан дамыған тұлғаны қалыптастыруға; студенттерді болашақта өз бетінше өмір сүруге дайындауға, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті құзыреттерін арттыруға бағытталған тәрбие жұмысы нысандарының бірі ретінде қарастырылады.

Студенттердің әлеуетін қоғамның әлеуметтік-экономикалық өзгерістерінде неғұрлым толық пайдалану мақсатында Қазақстанда жастар проблемаларын шешу үшін студенттің өзін-өзі басқаруды дамыту ісіне қолдау көрсетіледі және ол ынталандырылады, студенттер мүдделерінің, бастамаларының іске асырылуы және студенттің өмірдің түрлі салаларындағы мәселелердің шешілуі үшін жағдай жасалуда. Жоғары оқу орындарындағы студенттің өзін-өзі басқарудың мақсаты студенттерді толеранттылық және экстремизм көріністеріне төзбеушілік рухында адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеуді жүзеге асыру, демократиялық өмір салтын, өзара талап қоюшылықты, әлеуметтік әділеттілік сезімін, саламатты психологиялық ахуалды орнату, жас студенттер отбасыларының адами негіздерін нығайту, ауқымды жариялылық негізде адамгершілік қағидаттарын, тұрмыста қоғамға жат көріністерге жол бермеушілікті орнату болып табылады. Студенттің өзін-өзі басқару, студенттің қоғамдық қозғалысты топтастыру, студенттер әлеуетін қоғамның әлеуметтік-экономикалық өзгерістерінде, студент жастардың проблемаларын шешуге неғұрлым толық пайдалану мақсатында жүргізілетін мемлекеттік жастар саясатының бір нысаны болып табылады. Студенттің өзін-өзі басқарудың стратегиялық мақсаты – мемлекетті басқаруға қатысу, мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқарудың түрлі ұйымдары мен түрлі органдарына сайлау және сайлану құқығын толыққанды іске асыру қабілеті бар азаматты дайындау. Қазақстанда студенттің өзін-өзі басқарудың болуының ерекше белгілеріне талдау жасау олардың тұтастай алғанда негізгі ережелерде бірдей болу фактісінің өзі қызық:

1. Жүйелілік.

2. Салыстырмалы дербестілік.

3. Сатылылық.

4. Студенттің өзін-өзі басқару органдары сатысының әрбір деңгейін де өзін-өзі басқару органдарының болуы: кеңестер, оқу топтары және факультеттер, студенттік деканаттар және басқалары.

5. Сыртқы ортамен байланыс.

6. Дербестілік.

7. Мақсаттылық.

Студенттің өзін-өзі ұйымдастырудың қазіргі заманғы процестеріне талдау жасай отырып, студенттің өзін-өзі басқару органдарын дамытуға бірқатар тән үрдістерді бөліп көрсетуге болады:

- әлеуметтік әріптестік қағидаттары негізінде кәсіптік білім беру мекемелерін басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасауға ұмтылу;

- олар ұжымның, оқу орнының, қалалық қоғамдастықтың, өңірдің өміріне қатысу тұрғысында белсенді бастау көзі болады;

- қоғамдық қызметтің белгілі бір дағдыларын қалыптастыру, басқарушылық мәдениеттің белгілі бір деңгейіне қол жеткізу, дәстүрлер сабақтастығын қамтамасыз ету;

- өзін-өзі басқару атынан өз әлеуетін арттыру мақсатында таңдау еркіндігінің жағдайы жасалады;

- студенттің орта студенттің өзін-өзі басқару органдары ұсынатын бастамаларды әркез белсенді түрде қамтамасыз етеді.

Өзін-өзі тәрбиелеу алуан түрлі. Бұл ең алдымен, өзінді-өзі сендіру, өзінді-өзі иландыру, өзінді-өзі бақылау, өзінді-өзі талдау. Өзінді-өзі тәрбиелеу мақсаты мен өзінді-өзі

сынау, өзінді-өзің мәжбүрлеу де, өзінді-өзің жазалау мен өзінді-өзің қолдау да пайдаланылады /4/.

Топ старостасы Набатбек Ерғалидің ойы бойынша, студенттің өзін-өзі басқару жастарымызды өмірлік тәжірибе беріп, жауапкершілік мәдениетінің қалыптасуы жүреді: «Жеке тәжірибемнен айта алатыным, ЖОО өмірінде тікелей араласқанда, ЖОО, қоғам және жеке өзіннің арасындағы ортақтастық сезімі пайда болады, өзін және сенің бірлестігіңнің алдында шынымен маңызды мақсаттар мен міндеттер қоюға, оның орындалуын жобалауға және түпкі нәтижеге жауап тартуға үйренесін. Бара-бара студент те проблемаларды өздігінен тауып, оны шешуге икемділігі қалыптасады», – деп бөлісті студент.

Сөйтіп, Қазақстан студенттеріне айтарымыз, жағымды балалық күйден шығып, міндеттіліктер мен жауапкершіліктерге толы бойжеткен өмірге қадам басуға уақыт келді.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Әбенбаев С.Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Дарын, 2004.
- 2 Губашева С., Отарбай А. Тәрбие жұмысының әдістемесі. – Астана: «Фолиант», 2011.
- 3 Болдырев Н.И. Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы. – Алматы: «Мектеп», 1987.
- 4 Айтмамбетова Б.Р., Бейсенбаева А.А. Жеке адамның даму, тәрбиесі. – Алматы: «КазПИ» 1991.

РОЛЬ СОВЕТА СТАРОСТ В РАЗВИТИИ СТУДЕНЧЕСКОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ В ВУЗЕ

Жиляева В.В., Литвинов Р.В.,

Костанайский филиал Челябинского государственного университета

Костанайский филиал Челябинского государственного университета – один из немногих российских высших учебных заведений, действующих на территории Республики Казахстан.

Обучение в филиале – это неразрывная связь учебного процесса, научно-исследовательской деятельности и, безусловно, воспитательной работы, важнейшим направлением которой является развитие студенческого самоуправления.

На сегодняшний день студенческое самоуправление рассматривается как особая форма инициативной, самостоятельной, ответственной общественной деятельности студентов, направленная на решение важных вопросов организации студенческой жизни. Студенческое самоуправление направлено на формирование у студентов лидерских качеств и организационно-управленческих компетенций /1, 87/.

На базе филиала с 2000 года действует орган студенческого самоуправления – студенческий совет, главная цель которого заключается в привлечении студентов к управлению вузом, создание всех условий для формирования правильных социально-ориентированных взглядов и развитие общественных инициатив. Деятельность студенческого совета Костанайского филиала ЧелГУ регламентируется Положением «О студенческом совете», которое было утверждено в 2012 году. В данном Положении закрепляются основные общие начала деятельности студенческого совета, полномочия совета в управлении студенческой учебной, научной и общественной жизнью и другие положения.

В структуре студенческого совета функционируют структурные подразделения, каждое из которых работает по определенному направлению деятельности. Одним из таких структурных подразделений является совет старост. Общую регламентацию деятельности совета старост регулирует Положение «О студенческом Совете», а непосредственно специальное регулирование деятельности старост осуществляется на основании Положения «О старосте студенческой группы», утвержденное в 2010 году. Положение определяет основные требования, которые предъявляются к старосте студенческой группы Костанайского филиала ЧелГУ. Основной целью деятельности совета старост является сотрудничество с профессорско-преподавательским составом филиала, согласование проблемных вопросов студенческо-